

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
«Ишемиялық инсульттің қауіп факторларының
мониторингтеу және басқару» тақырыбы бойынша
Конысбаева Кенжекул Конысбаевнаның
докторлық диссертациялық жұмысына ғылыми көңесші,
м.ғ.д., профессор Каусова Галина Калиевнаның**

ПІКІРІ

Қан айналым жүйесі ауруларының арасында инсульт үлкен мәнге ие, себебі инсульт дамыған елдерде ересектер арасындағы өлім көрсеткіштерінен 3-ші орынды алады. ДДС ұйымының мәліметтеріне сүйенсек, церебральді инсульттен өткен он жылдықта 5 млн ға жуық адам қозғалған, ал тірі қалған 15 млн адамның 80% мүгедектікке шалдыққан. Мүгедектікке біріншілік шығу, инсульт алған науқастар арасында 3,2% жеткен, ал еңбекке шыққан науқастардың 20% бұрын жұмыс атқарғандар.

Соңғы жылдары жедел ми қан айналым бұзылыстарын диагностикалау, емдеу мен алдын-алу жұмыстары қарқынды даму үстінде, десек те XXI ғасырда жиі өлім себепшісі болған инсульт, қоғамға орасан зор материалдың және моральді шығын әкелуде. Жедел ми қан айналым бұзылыстарын озық диагностикалау және терапия жүргізу, оның алдын-алудың жоғарғы дәрежеде болуына қарамастан, оның салдары әлеуметтік, жеке және зейнеткерлік қамтуды алып қараған күннің өзінде өте ауыр, сол себепті инсульттің біріншілік алдын-алу міндettі.

Бас ми қан тамырлары ауруларынан болатын өлім көрсеткіші Батыс елдерінде, жүрек-қан тамыр аурулары мен онкологиялық аурулардан болатын өлім көрсеткіштерінен кейінгі 3-ші орында.

Инсульттің барлық түрінің ішінде мидың ишемиялық зақымдануы көш бастайды. Халықаралық мультиорталықтардың зерттеуіне сүйенсек, ишемиялық және гемморагиялық инсульттің арақатынасы 80-85% және 15-20% құрайды. Жедел ми қан тамырларының зақымдануы, ата-анасының бірінде инсульт болған жағдайда және төменде көрсетілген тізімде көрсетілген бір немесе бірнеше факторлардың кездесуінде пайда болу мүмкіншілігі артады, оларға; жүрекалды фибриляция, артериальді гипертензия, қант диабеті, қан аурулары, семіздік, гиподинамия, алкогольді сусындарды шамадан тыс қолдану, темекі тарту және т.б. Ишемиялық инсультті диагностикалауда және жетекші қауіп-қатер факторларды анықтауда, белсенді алдын-алу қызметтерін ұйымдастыруда жеткен жетістіктерге қарамастан, бұл назологияның салмағы артуда, ол өз кезегінде мидың жедел ишемиялық зақымдануында біріншілік медико-әлеуметтік алдын-алу жұмыстарының қыындықтарымен тығыз байланысты. Бұл аурудың алдын-алу әдістерінің жоғарғы эффективтіліктілігін енгізуінде қынга соғуы, оның көп материалдың шығындарының болуынан (әртүрлі топ препараттарын ұзақ мерзім қабылдау, қымбатқа соғатын диагностика) және халыққа санитарлы-агарту

жұмыстарының дұрыс жасалынбауынан. Әсіреке жоғарғы қауін-қатер тобы, олардағы цереброваскулярлы ауруларды анықтауға бағытталған зерттеу жұмыстары мен тиңсті денсаулық сақтау бағдарламаларының жоқтығы.

Инсульттің алдын-алуда нақты региональді мақсаты бар тенденцияның бар болуына қарамастан, олар өздерінің негізгі бағыттарын қайта қарауды талап етеді.

Докторант жұмысының негізгі мақсаты ретінде ишемиялық инсульттің таралуын және таралу жиілігін зерттеу, қауін-қатер факторларын тәжірибелік мақсаттағы ұсыныстарды шығаруға мониторинг жасау таңдал алынды (Алматы қаласы бойынша).

Зерттеу жұмысына 1070 науқас енгізілді, 1 тобы (инсульт алған 540 науқас) – негізгі, ал бақылау тобын жасы мен жынысына орай, бұрын инсульт алмаған бірақ жүрек-қан тамыр патологиясы бар науқастар құрады. Таңдал алу критерийі ретінде; жасы – 20 және одан жоғары, жынысы – әйел және ер адамдар, ЖҚЖ аурулары бойынша тіркеуде (МКБ X) тұрған науқастар. Ретроспективті зерттеу әдісі өзіне 2011-2016 жж амбулаторлы карта мен ауру тарихын зерттеу, науқастарды өзіндік мына бақылау схемасы бойынша; емхана – стационар. Ауру тарихы, бас миының ишемиялық инфарктінен қайтыс болған науқастарды патологоанатомиялық ашу кезіндегі мәліметтер.

Докторант өзінің зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қауіп қатер факторлары мен ишемиялық инсульттің пайда болуы Алматы қаласы бойынша мына категориялар; отбасы жағдайы (әлеуметтік қолдау маркері, дер кезінде көрсетілген көмек), артериальді гипертензия, жүрекалды фибриляция және дислипидемия, КР да ишемиялық инсульт көрсеткіштерін төмендету мен басқару да негізгі концепция құралы ретінде анықталды. Артериальді гипертензияның инсульт дамуында өзіндік үлесі бар, бұған халықаралық соңғы зерттеу жұмыстары дәлел бола алады.

Аталған патологиядан қайтыс болған ер адамдар 61-70 жас, әйел адамдар 71-80 жас аралығын құрайтыны докторантпен көрсетілді. КР да ер адамдар, көптеген қауіп-қатер факторларына ұшырай отырганменде дәрігер көмегіне жүгінбейді, бұл өз кезегінде олардың өз денсаулығына салғырт қарайтындығын көрсетеді. Маңызды фактілердің бірі ретінде, қайтыс болған науқастардың жалғыз басты болуы (311 қайтыс болған жалғыз басты жандар, 191 отбасылы адамдар) алынды, бұл отбасылық жағдайдың ауру ағымына әсер ететіндігін растайды. Біріншілік ишемиялық инсульт алған науқастардың функциональді жағдайы уақыт өте келе, жасы, жынысы, коморбидті жағдайына қарамастан ушыгады. Функциональді жағдай медициналық көмекпен аз қамтылған науқастарда айтартылғатай төмен деңгейде.

Докторант анықтағандай, эффективтілігі жоқ реабилитациялардың предикторы ретінде мына факторлар; АГ, жасы, жүрекалды фибриляция, қант диабеті, отбасылық жағдайы (әлеуметтік қолдау маркері), ми инфарктінің локализациясы, тыныс жеткіліксіздігінің болуы, зәр үстамау.

Осыған орай, негізгі ғылыми жұмыстың өзі, нәтижесі мен қорытындысының дұрыстылығы мен ақпараттылығы, жеткілікті түрде жүргізілген зерттеу жұмыстарына және ойластырылған құрылымдық,

методикалық базага сүйенсе, докторантпен алынған зерттеу жұмыстарының нәтижесі қоғамдық денсаулық пен денсаулық сақтау ғылымына қосқан үлесі болып табылады.

Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында докторант өзін жауапты және мақсатқа үмтүлған жан ретінде көрсете білді.

Конысбаева Кенжекул Конысбаевнаның «Ишемиялық инсульттің қауіп-факторларын мониторингтеу және басқару» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы нәтижелері көрсетілген, аяқталған ғылыми жұмыс.

Конысбаева Кенжекул Конысбаевнаның диссертациялық жұмысы, 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесіне сәйкес және толықтай өзіндік, аяқталған ғылыми еңбек. Өзектілігі, әдіснамалық деңгейі, ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңыздылығы, ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына толықтай сай келеді.

Докторант Конысбаева Кенжекул Конысбаевна 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Ғылыми кеңесші:

«ҚДСЖМ» Қазақстандық
медицина университеті,
«Қоғамдық денсаулық сақтау»
және әлеуметтік ғылымдар»
кафедрасының профессоры,
медицина ғылымының докторы



Г.К. Каусова

Растаймыи:

«ҚДСЖМ» Қазақстандық
медицина университеті,
Құжаттамалық қамтамасыз ету және
жұмыскерлермен жұмыс жүргізу
басқармасының басшысы



Д.С. Мынбаева